

**Шарбақты аудандық мәслихатының
«Шарбақты аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды
деп тану туралы» шешім жобасына
БАСПАСӨЗ- РЕЛИЗИ**

Осы жоба Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабы, 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу мақсатында күші жойылды деп танылған шешімдер қабылданды.

2020 жылғы 25 мамырда «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» заңы қабылдануына байланысты, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Заңың 21-бабының 2-тармағына сәйкес күші жойылды деп танылған шешімдер қабылданды, күші жойылды.

Осыған байланысты, Шарбақты аудандық мәслихатының «Шарбақты аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» шешімінің жобасы Шарбақты аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 сәуірдегі «Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібін бекіту туралы» № 5/2 шешімі және «Шарбақты аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 желтоқсандағы Шарбақты аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 сәуірдегі «Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібін бекіту туралы» № 5/2 шешіміне өзгерту енгізу туралы» № 116/33 шешімінің күші жойылды деп тану туралы» шешімнің күші жойылды деп тануды көздейді.

Шешім жобасын іске асыру жергілікті бюджеттен қаржы шығындарын талап етпейді және әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдарларға әкеп соқпайды.